

Жеке жобалар бойынша жекешелендірілген объектілерді сату туралы әлеуетті шетел инвесторларын дер кезінде хабардар ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 27 қыркүйек N 454-ө

Жеке жобалар бойынша жекешелендірілген объектілерді сату туралы әлеуетті шетел инвесторларын дер кезінде хабардар ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бұқаралық ақпарат құралдарында тендерлік шарттарды жариялаумен бірге сату шарттары туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберсін және оларды "Интернет" жүйесі бойынша берсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының елшілігінен және шетел өкілдерінен, сондай-ақ республикада тіркелген шетел мемлекеттерінің елшіліктері мен өкілдіктерінен алынған деректерді уақтылы берсін.

Премьер-Министр